

Бекітемін:

«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:

 Д.А.Темирова.

№1 педагогикалық кеңес

«31» тамыз 2021 жыл.

«АҚСАНА» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»

2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

2021-2022

Жылдық жоспардың структуралық моделі

I. Ұйымдастыру жұмыс.

- 1.1. Кіріспе
- 1.2. 2021-2022 оқу жылының жұмысын талдау.
- 1.3. 2021-2022 оқу жылының міндеттері.
- 1.4. Балабақшаның күн тәртібі.(ҚР ДС министрінің №615 бұйрығы 17.08.2017 ж)
- 1.5. Үлгілік оқу жоспары.
- 1.6. Бір жылға арналған іс- шаралар кестесі

II. Кадрлармен жұмыс.

- 2.1. Педагогикалық кеңес
- 2.2. Өндірістік кеңес
- 2.3. Меңгеруші жанындағы кеңес
- 2.4. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу кестесі
- 2.5. Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары

III. Әдістемелік жұмыс

- 3.1. Әдістемелік кеңес
- 3.2. Консультациялар, семинарлар, семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер
- 3.3. Озық педагогикалық тәжірибе
- 3.4. Жас мамандармен жұмыс
- 3.5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері

IV. Балалармен жұмыс.

- 4.1. Қауіпсіздік мектебі
- 4.2. Құқық тәрбиесі
- 4.3. Ертеңгіліктер
- 4.4. Серуендер.
- 4.5. Сайыстар, көрмелер

V. Бақылау мен басшылық.

VI. Ата-аналармен жұмыс.

- 6.1. Жалпы ата-аналар жиналысы.
- 6.2. Топтар жиналысы.
- 6.3. Ата-аналар консультациясы.
- 6.4. Ашық есік күнінің жоспары.

VII. Шаруа-әкімшілік жұмыстар.

Жылдық жоспарға қосымша:

1. Мектеп пен балабақша арасындағы байланыс жұмыс жоспары.
2. Медицина қызметкерінің жұмыс жоспары.
3. Педагог-психологтың жұмыс жоспары.
4. Шығармашылық топтың жұмыс жоспары.
5. Жазғы сауықтыру жұмысы (Салауатты өмір салтын ұйымдастыру).
6. Құқықтық жалпы оқыту жоспары.

1.1 Кіріспе

«Ақсана» бөбекжай –балабақшасы» Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Космонавтовтар көшесі №5В үйде орналасқан. Балабақша ғимаратының негізі күйген кірпіштен және бетоннан тұрғызылған. Балабақша 1 қабатты ыңғайластырылған 2 ғимаратта орналасқан. Балабақша 2012 жылдың 02 сәуірінде өз жұмысын бастады. Балабақшада әрбір топқа арналған топ, ойын бөлмелері, ұйықтайтын бөлмелер, балаларды қабылдау бөлмелері мен қатар әкімшілік және медициналық бөлмелер, асхана, қойма және кір жуу бөлмелері бар. Топ бөлмелері жарық, кең бала өзін ыңғайлы қауіпсіз сезінуі үшін барлық жағдайлар жасалған. Ұйықтайтын бөлмелері жылы, ағаш кереуеттермен жабдықталған. Асхана және басқа шаруашылық: кір жуу бөлмелері мен қойма қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз етілген. Медицина бөлмесі қажетті құрал жабдықтармен және дәрі дәрмекпен жабдықталған. Балабақша учаскелерінде спорт алаңы, әр топқа арналған саяжайлары бар, олар ойын құралдарымен жабдықталған. Балабақшада 4 топ ұйымастырылған, онда тізім бойынша 100 бала.

Топ бөлмелері, ұйықтайтын бөлме әр бір топқа бар. Қабылдау бөлмесі бірге. Музыка залы, медициналық блок, меңгеруші, әдіскер кабинеттері жеке-жеке орналасқан. Асхана санитарлық қағидалардың барлығын ескере отырып жабдықталған. Қойма, кір жуатын бөлме, жылыту пештері орналасқан бөлмелер балабақша ғимаратынан сыртта орналасқан. Жылу жүйесі жылыту құбырлары арқылы, табиғи газбен жылытылады. Балабақша іші балаға қажетті жиһаздармен жабдықталған. Медицина бөлмесі балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен қатар сауықтыруға арналған медициналық құралдармен және дәрі–дәрмекпен жабдықталған. Балабақшадағы материалдық–техникалық база педагогтық сұранысқа сәйкес келеді, білім беру деңгейі және санитарлық тазалық деңгейі талапқа сай. МДМ балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауға жағдай жасалған. Балабақша ауласында саяжайлар, құмды бастырма, спорт алаңы бар. Балабақша темір шифрмен қоршалған. Өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында арнайы құралдар (күрек, саты, лом) сақтандыру жабдықтары дайындалған. Мектепке дейінгі мекемеде балалар жас ерекшеліктеріне қарай 4-топқа бөлінген:

№	Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Топ	Оқыту тілі
1	«Бөбек» тобы	1 жастан бастап	ерте жас	мемлекеттік
2	«Балапан» тобы	2 жастан бастап	кіші топ	мемлекеттік
3	«Аққу» тобы	3 жастан бастап	ортаңғы топ	мемлекеттік
4	«Қарлығаш» тобы	4 жастан бастап	ересек топ	мемлекеттік

Балабақшада 8 педагог жұмыс атқарады. Олардың білімі мен санаты төмендегідей:

Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Жоғары санатты	Бірінші санатты	Екінші санатты	Санатсыз
7	1	-	2	1	5

Жұмыс уақыты 5 күндік.

Сағат 8⁰⁰ - ден 18³⁰ – ға дейін.

Балабақшада білім беру және тәрбиелеу процесі кезінде қолданылатын нормативтік құқықтық құжаттар

Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **мақсаты** балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі басым бағыттары айқындалған.

Әдістемелік нұсқау хатта 2021-2022 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесінегізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсатына сәйкес келесі күтілетін нәтижелерге жету ұсынылды:

1) мектепке дейінгі ұйым деңгейінде:

- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға;
- вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалануға;
- баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құруға;
- ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға;
- отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейтуге;
- ерте жастағы балалар үшін жағдай жасауға;

2) балаларға:

- физикалық аман-саулықты;
- әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті;
- когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамытуды;
- таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны дамытуды;
- бастамашылықты, дербестікті және жауапкершілікті дамытуды;
- өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсетуді;
- өз бетінше саналы таңдау жасай білуді;
- командада жұмыс істей білуді;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуды;
- креативтілікті қолдауды;
- психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуге;

3) ата-аналарға:

- білім беру процесінің қатысушылары болуға;
- баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге;
- баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға;
- көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға;
- үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауда консультациялық көмек алуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік нұсқау-хат қосымшасы өтпелі тақырыптар үлгісін, перспективалық жоспар үлгісін, циклограмма, жас ерекшелігі бойынша күн тәртібінің үлгісін қамтиды.

1.2. 2020- 2021 оқу жылының жұмысын талдау

Өткен оқу жылында бөбекжай-балабақшада 4 топ жұмыс істеді. Топтарда 100 бала тәрбиеленді. Оқу тәрбие жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізілді.

Әдістемелік кабинет Қазақстан туралы әдістемелік және ғылыми көркем әдебиетпен толықтырылды. Балабақшаның материалдық – техникалық базасын жақсарту мақсатында әрбір топқа теледидар, кіші топтарға ойыншықтар алынды.

2020– 2021 оқу жылында балабақша төмендегі тапсырмаларды орындау барысында жұмыс жүргізді.

1. Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтарының салауатты өмір салтын қалыптастыру.
2. МДҰ-ның тәрбиелеу-білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы мектепке дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.
3. Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік белсенділіктерін дамыту.

Оқу жылында тоқсан сайын балалардың даму дәрежесіне бақылау жүргізілді.

Жыл бойы да педагогикалық кеңестер, меңгеруші жанындағы кеңестер, өндірістік кеңестер өтілді.

Балабақша ұжымы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізді.

Әр тәрбиеші оқу жылында ашық және тақырыпты ұйымдастырылған оқу қызметін дайындады. Бұл жұмысқа тәрбиешілер үлкен жауапкершілікпен қарады.

Ересек топ тәрбиешісі М.Зулпиева – «Білімнің бастауы балабақша»

Ортаңғы топ тәрбиешісі М.Зулпыкарова– «Сиқырлы дәрумендер»

Кіші топ тәрбиешісі Л.Таганова«Қыс табиғаты»

Ән-саз жетекшісі Г.Сейдилдаева «Әнші болғым келеді»

Ерте жас тобы тәрбиешісі С.Сабденова «Ертегі сыр шертеді»

Орыс тілі пәні мұғалімі Г.Акбердиева «Наш детский сад»

«Ақсана» бөбекжай –балабақшасының жылдық жоспарына сай жоспарланған мерекелік онлайн түрде тәрбиешілердің құттықтаулары, балаларымыздың айтқан тақпақтарынан видео-роликтер дайындалып, ата-аналар чаттарына жіберілді. Оқу жылының жарты жылдығынан бастап санитарлық ережелерді сақтай отырып кезекші топтар жұмысын бастады.

1.3. 2021-2022 оқу жылының міндеттемесі.

Мақсаты:

Ата-аналармен бірлесіп отырып, баланың тұлғасын дамытуға бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру. Отбасымен бірігіп балалардың өмірін қорғау, денсаулығын сақтау үшін қолайлы жағдай жасау. Отбасының тәрбиесін, әдептерін, дәстүрлерді сақтауын ескере отырып балаларды әлеуметтік ортаға қарым-қатынас мәдениетімен таныстыруға ықпал жасау. Балабақша және отбасы: жаңартылған білім беру мазмұны аясында табысты түлектің құзыреттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ұйымдастыру бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың инновациялық тәжірибелерін пайдалану қажеттілігі факторлары жаңа стандарт жүйесінде іске асыру. Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалар мен мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру. Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтарының салауатты өмір салтын қалыптастыру. Тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңғыртуда, балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу.

1.4. Балабақшаның күн тәртібі
Ерте жас тобы
(1 жастан бастап)

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30 - 8.30
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	8.30 -9.30
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	9.30 –10.00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	10.00 -10.25
Серуенге дайындық, серуен	10.25-11.30
Серуеннен оралу	11.30 - 11.50
Түскі асқа дайындық, түскі ас	11.50 - 12.30
Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30 - 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.25
Серуенге дайындық, серуен	16.25- 17.30
Серуеннен оралу	17.30 – 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 – 18.00

Кіші топ
(2 жастан бастап)

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30 - 8.30
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	8.30 -9.30
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	9.30 –10.00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	10.00 -10.35
Серуенге дайындық, серуен	10.35-11.40
Серуеннен оралу	11.40 - 12.00
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.00 - 12.30
Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30 - 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.35
Серуенге дайындық, серуен	16.35- 17.30
Серуеннен оралу	17.30 – 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 – 18.00

**Ортаңғы топ
(3 жастан бастап)**

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30 - 8.00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	8.00 -8.30
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	8.30 –9.00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	9.00 -10.10
Серуенге дайындық, серуен	10.10-12.10
Серуеннен оралу	12.10 - 12.30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.30 - 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00- 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.45
Серуенге дайындық, серуен	16.45- 17.30
Серуеннен оралу	17.30 – 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 – 18.00

**Ересек топ
(4 жастан бастап)**

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30 - 8.00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	8.00 -8.30
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	8.30 –9.00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	9.00 -10.30
Серуенге дайындық, серуен	10.30-12.10
Серуеннен оралу	12.10 - 12.30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.30 - 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00- 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 15.50
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	15.50 - 17.15
Серуенге дайындық, серуен	17.15- 17.40
Серуеннен оралу	17.40 – 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 – 18.00

1.5. Үлгілік оқу жоспары.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕСТЕЛЕРІ

Ерте жас (1 жастан бастап) «Бөбек» тобы

2021-2022жыл

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық»-3		Дене шынықтыру (1,0)		2.Дене шынықтыру (1,0)	Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас»-1		1.Сөйлеуді дамыту (0,5) 1-2 апта		Көркем әдебиет (0,5) 3-4 апта	
«Таным»-1	1.Сенсорика (0,5) 3 -4 апта				Жаратылыстан у (0,5) 2,4апта
«Шығармашылық» -2	2.Музыка (0,5) 1- 2 апта		1.Сурет салу (0,5) 1,3 апта/ Мүсіндеу (0,5) 2,4 апта		
«Әлеумет»-0					

ҰОҚ жалпы көлемі - 7 сағат. ҰОҚ ұзақтығы - 7-10 мин

Балапан кіші топ
2021-2022жыл

Апта күндері Білім саласы	дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі	бейсенбі	жұма
Денсаулық-3		Дене шынықтыру-1		Дене шынықтыру-1	Дене шынықтыру-1
Қатынас-1		Сөйлеуді дамыту (0,5) (1 -3 апта)		Көркем әдебиет (0,5) (2 -4 апта)	
Таным-2	Сенсорика 0,5 (2-4апта) Құрастыру (0,5) (1-3 апта)				Жаратылыстану-1
Шығармашыдық-3	Музыка-1		Сурет салу (1,0) Жапсыру 0,25 (4 апта) Музыка (0,5) (1-3 апта)		Мүсіндеу 0,25 (2апта)
Әлеумет-0					

ҰОҚ жалпы көлемі - 9 сағат. ҰОҚ ұзақтығы – 10-15 мин

Ортаңғы топ «Аққу» (3-жастан бастап)

2021-2022жыл

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық» -3		3.Дене шынықтыру (1,0)	2	.Дене шынықтыру (1,0)	2. Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас» -2,0	1. Сөйлеуді дамыту (1,0)		1.Көркем әдебиет (0,5) 1-3 апта/	Орыс тілі (0,5) 1-3 апта	
«Таным» -2,5		1.Математика негіздері (1,0)		1.Құрастыру (0,5) 2-4 апта	1.Жаратылыс тану (1,0)
«Шығармашылық»-3	2. Музыка (1,0)	2.Мүсіндеу (0,25) 1 апта/	Музыка (0,5) 2,4 апта	2. Сурет салу (1,0)	Жапсыру (0,25) 3 апта/
«Әлеуметтік орта»-0,5			1.Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) 1,3 апта		

ҰОҚ жалпы көлемі: 11 сағ. ҰОҚ ұзақтығы : 15-20 мин.

Вариативтік компонент- 1,0		Шебер қолдар (1,0)			
----------------------------	--	--------------------	--	--	--

Барлығы: 12 сағ

Ересек тобы «Қарлығаш» (4- жастан бастап)

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Денсаулық»-3		3.Дене шынықтыру (1,0)		2.Дене шынықтыру (1,0)	2.Дене шынықтыру (1,0)
«Қатынас»-2,5	1.Сөйлеуді дамыту (1,0)		1.Көркем әдебиет (1,0)	3.Орыс тілі (0,5) 1-3 апта	
«Таным»-2,5	1.Құрастыру (0,5) 1,3 апта	1.Математика Негіздері (1,0)			1. Жаратылыс тану (1,0)
«Шығармашылық»-3,5	2.Музыка (1,0)	Мүсіндеу (0,5) 2,4 апта	3. Музыка (0,5) 2,4 апта	2.Сурет салу (1,0)	2.Жапсыру (0,5) 2,4 апта
«Әлеумет»-0,5			3.Қоршаған ортамен таныс-у (0,5) 1-3 апта		

Оқу жүктемесі: 12 сағат. ҰОҚ ұзақтығы: 20-25 мин

Вариативтік компонент- 2,0		Бәрін білгім келеді (1,0)		Сиқырлы суретші (1,0)	
-----------------------------------	--	---------------------------	--	-----------------------	--

Барлығы: 14 сағ

1.6. Бір жылға арналған іс- шаралар кестесі

[illegible]

2. Кадрлармен жұмыс

2.1. Педагогикалық кеңестер

Тақырыбы: «жаңа оқу жылындағы балабақша жұмысының негізгі бағыттары»

№	Іс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 1. Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысты талдау. 2. Педагогикалық ұжымның балабақшаның 2021_2022_ оқу жылына арналған жылдық жоспарымен танысуы. 3. Балабақша жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің аңдатпасы және оны бекіту. 4. Жылдық жоспарды, сабақ кестесін бекіту. 5. Тәрбиешілер үшін «Балаларды балабақша жағдайына бейімдеу» консультациясы	тамыз	меңгеруші Д.Темирова әдіскер А.Даулетова

№ 2 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Жаңа технологиялардың тиімділігі»

№	Іс мазмұны	мерзімі	Жауаптылар
1	№2 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін құммен ойынды педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру» баяндама 3. «Білім беру жүйесінде дамытушы технологияларды пайдалану» -қысқаша баяндама 4. «Тәрбиешінің онлайн форматта жүргізіп жатқан оқу қызметтерінің ұйымдастырылу тәртібі». тақырыпты тексерудің қорытындысы 5. Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетін талдау	қазан	меңгеруші Д.Темирова әдіскер А.Даулетова

№ 3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Балалардың Жаңа технологияларды қолдану әдістері »

№	Іс мазмұны	мерзімі	жауаптылар
1	№3 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы 2.Денсаулық сақтау технологиясын енгізу, мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының бірі 3. Баяндама: «Сенсорлық тәрбие бойынша дидактикалық ойындар» 4. «Құм терапиясын тиімді қолданудың жолдары» -қысқаша баяндама 5. Келесі педагогикалық кеңеске дайындық: Презентациясы: «Мектепке дейінгі балаларды өз халқының салт-дәстүрімен және мәдениетімен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру»	желтоқсан	меңгеруші Д.Темирова әдіскер А.Даулетова

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Мәңгілік ел» Патриоттық Актісінің құндылықтары тәрбиелеу-оқыту үдерісінде

№	Іс мазмұны	мерзімі	жауаптылар
1	№4 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы 2. Баяндама: «Мәңгілік ел- балалардың болашағының рухани жаңғыруына, ұлтымыздың мерейін асыратын негізі» 3. Салыстырмалы тексеру қорытындысы: «Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың сапасы» 4. Тәрбиеші-педагогтың жұмыс тәжірибесінің презентациясы: «Мектепке дейінгі балаларды өз халқының салт-дәстүрімен және мәдениетімен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру»	ақпан	меңгеруші Д.Темирова әдіскер А.Даулетова

№ 5 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Педагогикалық ұжымның 2021-2022оқу жылындағы тәрбиелеу мен оқыту жұмыстары»

№	Іс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№5 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы 2. 2021-2022 оқу жылында орындалған жұмыстардың есебі 3. Тәрбиешілердің (мониторинг, ддиаграмалары жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері) 4. Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыс жоспарын қарау және бекіту. 5.Педагогикалық кеңесті қортындылау, шешім қабылдау	мамыр	меңгеруші Д.Темирова әдіскер А.Даулетова

2.2. Өндірістік кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 1. Жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындық 2. Топтық және жалпы балабақша ішілік жиналыстарды бекіту 3. Қызметкерлердің жыл сайынғы медициналық тексеруден өтуі. 4. Жас ерекшелігіне байланысты топтарды бекіту. 5. Барлық топ балаларының құжаттарының толықтығын бақылау, жинақтау.	тамыз	әдіскер А.Даулетова
2	№2 1. Өткен жиналыстың шешімдерінің орындалуы 2. Санитарлық-гигиеналық реттелім, Еңбек қауіпсіздігі техникасы және балабақшадағы балалар мен қызметкерлердің денсаулығы. 2. Жылу қазандықтары мен электр желілерін ретке келтіру, өрт қауіпсіздігі. ҚТ, ТЖ бойынша нұсқаулық; 3. Еңбек демалысын кестесін құру.	желтоқсан	әдіскер А.Даулетова
3	№3 1. Өткен жиналыстың шешімдерінің орындалуы 2. Балабақшадағы балалар тізімі, ҰБД қорының, balabaqsha.snation порталының жүргізілуі. 3. «Балабақшаға 10-жыл» мерекелік іс –шара орындалуы 4. Балабақша ауласындағы тазалық жұмыстары	ақпан	әдіскер А.Даулетова
4	№4 1. Өткен жиналыстың шешімдерінің орындалуы 2. Кезекті ақылы еңбек демалысына жіберу 3. Балабақшада күрделі жөндеу жұмастары	мамыр	әдіскер А.Даулетова

2.3. Меңгеруші жанындағы кеңес

№	Іс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	- Жаңа оқу жылына дайындық қорытындысы (мәлімдеме) фронталды бақылау. - Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының жылдық жоспарын бекіту және №1 ата-аналар жиналысының өткізілуі. - Тіл мерекесіне арналған «Ана тілім айбыным» , «Қош келдің, Алтын күз!» мерекелік ертеңгілігінің жоспарын жасау - Кіріс құжаттарымен танысу	қыркүйек	меңгеруші Д.Темирова

	№2		
1	- Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы. - Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету. «Тәуелсіздік елдің бақытты балалары» мерекелерін жоспарлау - Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Бөбекжайдың қысқы маусымға дайындығы (есеп)	қараша	меңгеруші Д.Темирова

1	№3 - Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы - Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша <u>аралық</u> даму мониторингі - Балабақша мен ата-аналар комитетінің <u>жұмысын</u> <u>жандандыру</u>. - Тамақтануды және ас әзірлейтін бөліктің жұмысын ұйымдастыру. Бөбекжайда санитарлық – гигиеналық талаптардың сақталу барысы. «Мерекенмен Анашым!» 8 наурыз, «Наурыз келді құт алып!» 22 наурыз мерекелерінің сценарилерімен танысу	қаңтар	меңгеруші Д.Темирова
---	--	--------	-------------------------

1.	№4 - Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы - Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығын нығайту арқылы күзіндетті жеке тұлға қалыптастыру - Жыл мезгіліне байланысты сенбілік жұмыстары ,көркейту, көгалдандыру жұмыстарының дұрыс ұйымдастыру. «Қазақстан- достық елі!» 1 мамыр « Бейбітшілік ұландары!» 9 мамыр жоспарлау.	наурыз	Д.Темирова
----	--	--------	------------

1.	№5 1) Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2) Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу 3) Жазғы маусымдағы балабақшаның жұмысы 4) 1-маусым балаларды қорғау күні, 6 шілді Астана күніне арналған сценариймен танысу	мамыр	Д.Темирова
----	---	-------	------------

1.	№6 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. Жаз маусымындағы сауықтыру шараларының жүргізілу барысы 3. Жаңа оқу жылына, №1 пед кеңеске дайындық	шілде	Д.Темирова
----	---	-------	------------

2.4. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу кестесі

№	Жұмыс мазмұны	Кіммен өткізіледі	Мерзімі	Жауапты
1	Балабақша бойынша аттестация комиссиясын құру, бұйрық шығару	пед ұжым	қыркүйек	
2	Аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін жасау.	пед. ұжым	қыркүйек	
3	Аттестатталатын педагог-тәрбиешілерді аттестаттау ережесімен таныстыру	аттестаттаудан өтетін педагогтар	қазан	
4	Аттестаттау комиссияның жұмысы; -аттестатталатын педагог-тәрбиешілермен әңгіме өткізу -педагогтардың портфолиосының таныстыру рәсімін ұйымдастыру Шығармашылық есеп -педагог-тәрбиешінің диагностикалық картасын толтыру Қорытынды Аттестатталатын педагог – тәрбиешінің шығармашылық папкасы		қазан қараша	

5	Аттестаттау комиссиясының жұмысы: - ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу; - құжаттармен таныстыру; -диагностикалық картаның жүргізілуі -аттестаттау парағын толтыру -аттестатталатын педагог-тәрбиешілерді аттестаттау мәліметтерімен таныстыру Комиссияның қорытынды отырысы (аттестатталатын педагог-тәрбиешілердің қорытынды шешімінің қабылдануы)	аттестаттаудан өтетін педагогтар	желтоқсан наурыз	
---	---	----------------------------------	------------------	--

2.5. Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары

№	Аты жөні	Қызметі	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Санаты	Курс	2020	2021	Қызмет өтілі	
									ж\ө	п\ө
1	Темирова. Д.А.	меңгеруші	Сырдария универ	бастауыш сынып пәні мұғалімі			-	-	13,6	
2	Даулетова. А.К	әдіскер/ тәрбиеші	Ғ.Муратбаев гум, колледж	математика және инфор			-	-	8,6	
3	Таганова Л.Н	тәрбиеші	Сырдария универ	Қазақ тілі мен әдебиет			-	-	4,6	
4	Мауленова А.А	тәрбиеші	КҚДУ	Қазақ тілі мен әдебиет			-		7,4	
5	Зулпиева М.Б	тәрбиеші	Сырдария универ	ағылшын тілі маманы					1,8	
6	Тойшы Ш.С	тәрбиеші	Сырдария универ	дене шынықтыру					1,1	
7	Айгабылова Г.П	психолог	Костанай мем пед инс	Педагогика және психолог					6,6	
8	Акбердиева Г.Б.	орыс тілі мұғалімі	Сырдария универ	орыс тілі маманы					26,5	
9	Сейдилдаева Г.А	ән-саз жетекшісі	Сырдария универ	ән-саз жетекшісі					23,7	

3. Әдістемелік жұмыс

3.1. Әдістемелік кеңес

Тақырыбы: Бөбекжай жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыру.

Мақсаты: Әр педагогтың педагогикалық қызметін қалыптастыру мен дамыту жүйесінде және бөбекжайдың жылдық мақсаттары мен міндеттерін шешуге тиімді жағдай жасау.

№	Қаралатын мәселелер	Өткізу формасы	Уақыты	Жауаптылар
Қыркүйек №1				
Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.				
Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел				
1.	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; - портфолио жинақтау; - вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.			Әдіскер – А.Даулетова
2.	Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту			Әдіскер – А.Даулетова
3.	Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.			Әдіскер – А.Даулетова
4.	«Балапан» кіші тобындағы балалардың бейімделуі.			Психолог – Г.Айгабылова
5.	Ағымдағы мәселелер.			Әдіскер – А.Даулетова
Қараша №2				
Тақырыбы: Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары Жүргізілу түрі: конференция				
1.	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.			Әдіскер – А.Даулетова
2.	Барлық топтардың тәрбиешілері мен мамандардың жұмыс бағдарламаларының (шығармашылық жоба, вариативка) сараптама нәтижелері.			Әдіскер – А.Даулетова
3.	Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту			тәрбиеші – А.Мауленова

4.	«Тәлімгер мектебі» жұмысының барысы	Әдіскер – А.Даулетова
5.	Жас мамандармен жұмыс барысы	Әдіскер – А.Даулетова
6.	Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру .	Тәрбиеші – М.Зулпиева
7.	Ағымдағы мәселелер.	Әдіскер – А.Даулетова

Қаңтар №3

Әдістемелік кеңес тақырыбы: Көптілділік саясаты-оқыту процесінде

Жүргізілу түрі: Презентация

1.	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Әдіскер – А.Даулетова
2.	Орыс тілінде қолданылатын тіл дамыту жаттығулары	Орыс тілі мұғалімі-Г.Акбердиева.
3.	Ересек, ортаңғы топтарда орыс тілі бойынша және вариативтік компонент бойынша мониторинг нәтижесі	Әдіскер – А.Даулетова
4.	Педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейі	Әдіскер – А.Даулетова
5.	Ағымдағы мәселелер.	Әдіскер – А.Даулетова

Наурыз №4

